

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжau әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанды № 13307 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 12.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 60) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжau әдістемесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 12.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мектепке дейінгі және орта білім ақпараттық технологиялар (Ж.А. Жонтаева) және Кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білімді жаңғырту (Д.Ж.Каленова) департаменттері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік көсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым

Министрі

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 29 қантардағы
№ 97 бұйрығымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 12.01.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердегі қажеттілігін болжау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-агарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 60) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Әдістемеде мынадай анықтамалар қолданылады:

- 1) болжау – болжам жасау процесі;
- 2) болжау әдісі – болжам жасауға бағытталған болжау объектісін зерттеу тәсілі;

3) оқулық – Қазақстан Республикасының жалпыға міндепті білім беру стандартымен, үлгілік оқу жоспарымен және үлгілік оқу бағдарламасымен айқындалған оқу пәні (пәндер) бойынша білім мазмұнын жүйелі баяндайтын және оқу процесін үйимдастырудың негізі болып табылатын кітап;

4) оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) – оқулыққа қосалқы берілген жекелеген және білім алушының оқу пәні (пәндер) бойынша білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған оқу және әдістемелік басылымдардың жиынтығы;

5) экстраполяция әдістері – болжау нысанын болашақта дамыту үшін бұрынғы және қазіргі үрдістерді, заңдылықтарды, байланыстарды таратуға негізделген зерттеу әдісі.

3. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің (бұдан әрі – білім беру үйимдары), техникалық және кәсіптік білім берудің (бұдан әрі – ТжКБ) оқулықтарға және ОӘК-не қажеттілігін болжаудың маңыздылығы 4 жылға қор жинау циклін есепке ала отырып келесі аспектілердің іске асырылуымен айқындалады:

1) тиісті оқу жылының басында қайта басылып шығарылған оқулықтармен және ОӘК-мен қамтамасыз етуге қажетті білім алушылар санын анықтау;

2) оқыту тілі бойынша қайта басылып шығарылмайтын оқулықтар мен ОӘК-ті қосымша басып шығарудың және қайта басылып шығарылатын оқулықтар мен ОӘК-ті басып шығарудың 4 жылға арналған келешектегі динамикасын анықтау;

3) халықтың көші-қонын және өсімін есепке ала отырып, оқулықтар мен ОӘК-ті сатып алуға арналған бюджеттік қарражаттың көлемін уақытылы жоспарлау.

4. Білім беру үйимдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін болжау үшін:

1) 10 жылда 1 рет ұдайы түрде жүргізілетін жоспарлы халық санағының қорытындысы, ел бойынша жалпы өнірлермен және елді мекендердегі халық саны туралы мәлімет береді. Олар халық санының өзгеру динамикасын (шынайы және механикалық (көші-қон) халықтың әрбір жас тобы бойынша (оның ішінде балалар бойынша) көруге мүмкіндік береді;

2) жас бойынша халықтың демографиялық көрсеткішінің динамикасы;

3) халықтың көші-қоны мен өсімін есепке алу;

4) сыйнаптар және оқыту тілдері, топтары бойынша білім беру үйимдары, ТжКБ бөліндісінде келген және кеткен тәрбиеленушілердің және білім алушылардың санын анықтауға мүмкіндік беретін қозғалыс туралы деректер;

5) кітапхана қорының ағымдағы есепке алынған деректері (тозығы жеткен және ескірген оқулықтар мен ОӘК санын анықтау) негізгі дереккөздер болып табылады.

2. Білім беру ұйымдары мен ТжКБ ұйымдарының оқулықтарға және ОӘК-не қажеттіліктерін болжаудың әдістері

5. Болжау әдісі болжам жасау үшін қажетті болжау объектілерін қарастыру тәсілін білдіреді.

6. Білім беру ұйымдарының және ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттіліктерін болжау үшін болжаудың сандық әдістері қолданылады.

7. Көптеген сандық әдістердің ішіндегі ең қарапайымы экстраполяция (уақытша немесе динамикалық қатарларды талдау) әдістері кіреді.

8. Экстраполяция әдісі болжау көрсеткішінің жылдық орташа коэффициентінің өсуі немесе кемуі есебіне негізделген.

9. Білім беру ұйымдарының және ТжКБ ұйымдарының оқулықтарға және ОӘК-не қажеттіліктерін болжау барысында мынадай аспектілер:

- 1) мектепке дейінгі ұйымдарда балалар контингентінің өзгерісін болжау;
- 2) бірінші сыныпқа балалардың келуі;
- 3) білім алушылардың көші-қонын болжау;
- 4) 9 (10)-сыныптан кейін ТжКБ ұйымдарына оқуға түсүі;

5) өнірлер бөліндісінде оқыту тілі бойынша білім беру ұйымдарының және ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттіліктері ескеріледі.

Білім беру ұйымдары және ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілікті болжау барысында тәрбиеленушілер мен білім алушылардың бастапқы саны, сыныптардың толымдылығы болашаққа "жылжиды". Бұл ретте көші-қон нәтижесінде, 9 (10)-сыныптан кейін ТжКБ ұйымдарына түсү (кету) есебінен кемиді және балалардың 1-сыныпқа келуі есебінен және көші-қон (келуі) нәтижесінде толығады.

3. Білім беру ұйымдарының, ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін болжау технологиясы

10. Қор жинау циклі бойынша білім беру ұйымдарының оқушыларын оқулықтармен және ОӘК-мен қамтамасыз ету бойынша болжамдық есептеулер осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес жекелей әр сынып және жалпы білім беру ұйымдары бойынша құрылады.

11. ТжКБ ұйымдарының білім алушыларын оқулықтар және ОӘК-мен қамтамасыз ету жөніндегі болжамдық есептеулер осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес құрылады.

12. Білім беру ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК қажеттілігін мынадай екі түрде болжанады:

- 1) оқыту тілі бойынша білім беру ұйымдарының, ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін қалыптастыру;

2) білім беру ұйымдарының, ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін өнірлер бөліндісінде қалыптастыру.

13. Білім беру ұйымдарының, ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін болжау мынадай екі бөлімнен тұрады:

1) білім беру ұйымдарының, ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін бір оқу жылына анықтау;

2) білім беру ұйымдарының, ТжКБ ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін бір оқу жылына және алдағы оқу жылдарына қажеттілігінің арасындағы байланысты орнату.

14. Білім беру ұйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігіне мыналар әсер етеді:

1) халықтың көші-қоны (b)

Білім алушылардың бір бөлігінің өнірден тыс жерге көшу үлесі b_1 , сонымен қатар, аймақтан тыс жерлерден көшіп келетін оқушылар b_2 болса. Сонда шығындар мына шамамен бағаланады:

$$b = b_2 - b_1.$$

Бұл шығынға өнір (елді мекен) ішінде басқа білім беру ұйымдарына, ТжКБ ұйымдарына білім алуға ауысқан білім алушылар

(β_1)

және басқа білім беру ұйымдарынан ауысып келген білім алушылар да
(β_2)

жатады.

Білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың санына қатысты көрсетілген сипаттамалар мынадай екі негізгі ұйымды қалыптастырады:

егер өзгеріс көрсеткішінің таңбасы он болса, онда білім беру ұйымының, ТжКБ ұйымының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігі артады;

егер өзгеріс көрсеткішінің таңбасы теріс болса, онда білім беру ұйымының, ТжКБ ұйымының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігі кемиді.

2) Демографиялық фактор:

Бұл фактор білім беру ұйымының, ТжКБ ұйымының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін екі жағдайға байланысты арттырады немесе кемітеді:

бірінші сыныпқа балалардың өткен оқу жылынан артық келуі (қажеттілік арттырады);

бірінші сыныпқа балалардың өткен оқу жылынан кем келуі (қажеттілік кемітеді).

3) ТжКБ ұйымдарына оқуға түсі:

Ұсынылған фактор 9 (10)-сыныптан кейін білім алушылар контингентінің кемуіне әкелгендіктен, білім беру үйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігінің кемуіне, сонымен қатар ТжКБ үйымдары білім алушылары санының өсуіне әкеледі.

15. Оқыту тілі бойынша, сондай-ақ өндірлер бөліндісінде жалпы қажеттілікті болжау мақсатында әсер етуші мынадай:

1) білім беру үйымдарының, ТжКБ үйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігінің кемітетін;

2) білім беру үйымдарының, ТжКБ үйымдарының оқулықтар мен ОӘК-не қажеттілігін арттыратын факторлардың жиынтығы қарастырылады.

Мектепке дейінгі, бастауыш,
негізгі орта және жалпы орта
білім берудің жалпы білім беретін
оку бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру үйымдарының оқулықтарға
және оқу-әдістемелік кешендеріне
қажеттілігін болжау әдістемесіне
1-қосымша

Нысан

Қор жинау циклі бойынша білім беру үйымдарының білім алушыларын оқулықтар және ОӘК қамтамасыз етуді болжау деректері

Мектеп кітапханасы қорынан 4 жылға _____ облысы _____ ауданы
мектебінің _____ сыйныбы

№	Өнір	Білім алушылар саны				Оку пәні	Оқыту тілі	Оқу басылымының түрі	Оқу басылымының ең жоғарғы саны	Қажетті оқулықтар мен ОӘК жалпы саны
		20_/_20	20_/_20	20_/_20	20_/_20					
—	—	—	—	—	—	—	—	—	—	—

Мектепке дейінгі, бастауыш,
негізгі орта және жалпы орта
білім берудің жалпы білім беретін
оку бағдарламаларын, техникалық
және кәсіптік білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
білім беру үйымдарының оқулықтарға
және оқу-әдістемелік кешендеріне
қажеттілігін болжау әдістемесіне
2-қосымша

Нысан

ТжКБ үйымдарының білім алушыларын оқулықтар және ОӘК қамтамасыз етуді болжау деректері

Кітапхана қорынан 4 жылға _____ облысы _____ ауданы
мектебінің _____ тобы

_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
-------	-------	-------	-------	-------	-------	-------

№	Өнір	Білім алушылар саны				Оқу пәні	Оқыту тілі	Оқу басылы мының түрі	Оқу басылы мының ең жоғарғы саны	Қажетті оқулықт ар мен ОӘК жалпы саны
		20__/20_	20__/20_	20__/20_	20__/20_					
		-	-	-	-					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК